

"Өнеркәсіптік байланыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1568

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 P000912_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Өнеркәсіптік байланыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғы капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Өнеркәсіптік байланыс" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қоғам") етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.12. N 1184 қаулысымен. P 0 1 1 1 8 4 _

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі мәні: инженерлік микросхемалар өндірісі;

байланыс құралдарының тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерін жүргізу; байланыс құралдарын іске қосу-реттеу жұмыстары деп белгілесін;

2) Қоғамды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін белгіленген тәртіппен шығарылған жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25 пайызынан аспайтын сомаға акциялардың келесі эмиссиясын шығару жолымен оның жарғылық капиталын ұлғайту шараларын қабылдасын. Акциялардың келесі эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 P991191_ қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібіне сәйкес жүргізсін;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.09.12. N 1184 қаулысымен. P 0 1 1 1 8 4 _

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

